



Экономиканың Озық индикаторы

2022 11 айы

Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ) рөлін атқарады. ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қоймалау.

2022 жылдың 11 айы ішінде ҚЭИ біртіндеп қалпына

келіп, 3.2%-ды құрады. Бұл жерде қызмет көрсету өндірісі секторында өсу қарқыны қалпына келе бастаса, тауарлар секторында өсу қарқыны бәсеңдеп жатыр. Құрылыс пен өнеркәсіп секторларында әлі де салқындық байқалады.

Сауда саласы болса қалпына келе бастады. Бұл жақсы нышан. Ал ауыл шаруашылығы мен байланыста өсім тұрақты сипатта.

Өнеркәсіп секторы тұралап жатыр: тау-кен өндіру саласы сәл жақсарғаны болмаса әлі де теріс аймақта (10 ай ішінде -1%-дан қазір -0.9%-ға дейін). Өңдеуші саланың өсімі 4.3%-дан 4.2%-ға төмендеді. Өндіру саласының да мәселесі жетіп артылады: шикі мұнай өндіру (-2.2%), табиғи газ (-1.4%), темір кені (-20.2%) және басқа да пайдалы қазбалар (-8.9%). Өңдеуші сектор темекі бұйымдары өндірісі (12.7%-дан 9.8%-ға дейін), жеңіл (7.8%-дан 6.9%-ға дейін) және металлургия өнеркәсібі өсімінің (4.4%-дан 3.9%-ға дейін) бәсеңдеуі себебінен аздап төмендеп жатыр.

Құрылыс саласында өсу қарқынының суына бастауына тұрғын үйге жатпайтын ғимараттар мен құрылысжайлар құрылысы өсімінің төмендеуі себеп болды.

Бұл ретте сауда секторы жоғары қарқынмен өсті. Мұнда бөлшек сауда 1.4%-дан 2.0%-ға, ал көтерме сауда 5.3%-дан 6.0%-ға жоғарылады. Алайда азықтүлік тауарлары саудасының өсімі керісінше төмендеп жатыр. Бұған, біздің пікірімізше инфляцияның және халықтың сатып алу қабілетінің өсуі себеп болуда (қарашада азық-түлік инфляциясы +24.1%). Қызмет көрсету секторында көлік және қоймалау саласы бұрынғы деңгейінде қалды. Бұған жүк тасымалдау көлемінің 3.1%-ға және жүк айналымының өсу қарқынының 1.8%-ға төмендеуі себеп болды.

Ауыл шаруашылығы биыл астық түсімінің жақсы болуының арқасында 8.5%-ға өсті. Ал телекоммуникация мен байланыс нарығында өсім +7.6%-ды құрады: Алматы мен Астанада интернет қызметі қымбаттап жатыр.

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022
Қаңтар	2,9	4,4	-5,8	3,0
Қаңтар-ақпан	3,6	4,9	-4,0	5,5
Қаңтар-наурыз	4,2	4,3	-1,8	6,5
Қаңтар-сәуір	4,1	1,2	1,2	6,0
Қаңтар-мамыр	3,7	-0,5	2,0	5,9
Қаңтар-маусым	4,3	-1,0	2,9	4,5
Қаңтар-шілде	4,4	-2,7	3,7	4,0
Қаңтар-тамыз	4,8	-2,9	3,9	3,7
Қаңтар- қыркүйек	4,7	-2,5	4,1	3,5
Қаңтар- қазан	4,7	-2,8	3,9	3,1
Қаңтар- қараша	4,7	-2,6	4,1	3,2
Қаңтар- желтоқсан	5,0	-2,4	4,5	

Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Өңірлік даму

Экономикасы дамып жатқан қалалар мен облыстар:

Шымкент (+11.3%) пен Астана (+7.9%) қалалары, сондай-ақ Ақмола (+13.8%) және Солтүстік Қазақстан облыстары (+6.9%).

Шымкент қаласы мен Ақмола облысындағы өсімді құрылыс секторы қамтамасыз еткен болса, Астанада байланыс, көлік және қоймалау секторы, ал СҚО-да ауыл шаруашылығы секторы басты дамушы күшке айналды.

Үш облыста экономика көрсеткіші төмендеді. Бұл Павлодар (-0.1%), БҚО (-0.2%) және Атырау (-0.6%) облыстары.

Оларда экономиканың құлдырауына мыс кені (Павлодар) мен мұнай (Атырау) өндірудің, сондай-ақ сауда көлемінің (БҚО) төмендегені себеп болуда.


Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарайтын болсақ, ауыл шаруашылығы барлығынан бұрын Қостанай облысында дамып жатыр (+45.1%).

Жамбыл облысында өнеркәсіптік сектор қант пен шұжық өндірісінің есебінен өсуде. Құрылыс саласының өсіп жатқандығы әсіресе Шымкент қаласында байқалады. Ал Астанада байланыс, көлік және қоймалау саласы дамып жатыр.

Бұл ретте сауданың ең жоғары өсімі Жетісу облысында тіркелді.

Өңірлер бойынша 2022 жылдың 11 айы ішіндегі ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+3.2%** (+4.1%)*



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

*жақшада 2021 жылдың 10 айындағы деректер көрсетілген

Астана қаласы **+6.2%** (+8.7%)
Алматы қаласы **+7.9%** (+9.5%)
Шымкент қаласы **+11.3%** (+7.1%)

Қауіп-қатерлер мен даму келешегі

ҚЭИ ағымдағы жылдың сәуір айынан бері тұңғыш рет үдей түсті. Бұған астық түсімінің жақсы болуы, байланыс саласының дамуы және сауда саласының қайта қалпына келуінің арқасында қол жеткізілді.

Биыл астық үшін қолайлы жыл болды. Соның арқасында соңғы 10 жыл ішінде рекордтық көлемде астық жиналды. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы ең жылдам дамушы салаға айналды.

Сауда саласы азық-түлікке жатпайтын тауарларға деген сұраныстың артқандығы және көтерме сауда сегментінің жылдам дамуы себебінен өсуде.

Мұны ағымдағы жылдың қараша айында көптеген бөліп төлеу бағдарламаларының қабылданғандығымен және КҚК жұмысының қайта қалпына келуімен түсіндіруге болады. Желтоқсан айындағы мерекелерге және тұрғындар тарапынан тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге деген сұраныстың артуына байланысты, біздің пікіріміз бойынша экономиканың бұл секторы одан әрі дами бермек.

Биыл өңдеуші өнеркәсіп жақсы дамып жатыр. Бұған машина жасау саласының, химия өнеркәсібі, темекі және сусындар өндірісінің дамуы арқасында қол жеткізілді. Бірақ, соған қарамастан, тауарлар өндірісі секторында жағдай бірмәнді емес.

Мемлекет тарапынан ынталандыруға толығымен тәуелді


салаларда: тау-кен өнеркәсібі мен құрылыста әр түрлі қиындықтар одан әрі жалғасуда. Қашаған кен орнындағы жөндеу жұмыстары аяқталған соң, тау-кен өндіру саласында аздаған оң өзгеріс байқалуда: мұнай мен табиғи газ өндірудің құлдырауы сәйкесінше 0.3% және 0.1%-ға қысқарды.

Ал темір кенін өндіру барған сайын төмендеп жатыр. Өзіндік құнның қымбаттауы және бұрынғы ынталандырушы шаралардың жоқтығы себебінен құрылыс саласының дамуы бұдан кейін де баяулай бермек. Оның үстіне инфляция өсіп жатыр және тауар жеткізу тізбектерінде де қысым күшеюде.


Осылайша қазір экономика өзінің әлеуетті деңгейіне жақын дәрежеде дамып жатыр. Ал әлеуетті деңгей базалық шарттар мен факторлар арқылы айқындалады. Инфляция кезінде олардың минусынан плюсі көп.

Дейтұрғанмен экономиканың осылай даму деңгейі бағалардың одан әрі өсуін тежейтін болады. Соның нәтижесінде біз экономиканың жылдық өсімінің болжамдық мәнінің ауқымын қайта қарадық. **Ол 2.4%-2.8% деңгейінде қалыптасады.**

ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні




ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және экономиканың басты салалары облыстар тұрғысында

Абай облысы ҚЭИ: 3.6% Ауыл шаруашылығы: 0.1% Өнеркәсіп: 9.8% Құрылыс: -12.1% Ішкі сауда: -13.5% Көлік және қоймалау: 0.5% Байланыс: 9.8%	Ақмола облысы ҚЭИ: 13.8% Ауыл шаруашылығы: 21.3% Өнеркәсіп: 10.6% Құрылыс: 31.7% Ішкі сауда: 3.4% Көлік және қоймалау: 2.1% Байланыс: 1.0%	Ақтөбе облысы ҚЭИ: 0.0% Ауыл шаруашылығы: 6.2% Өнеркәсіп: 1.7% Құрылыс: 4.1% Ішкі сауда: -15.4% Көлік және қоймалау: 3.2% Байланыс: 5.2%
Алматы облысы ҚЭИ: 4.8% Ауыл шаруашылығы: -0.2% Өнеркәсіп: 6.5% Құрылыс: 16.5% Ішкі сауда: 3.9% Көлік және қоймалау: 0.7% Байланыс: -3.4%	Атырау облысы ҚЭИ: -0.6% Ауыл шаруашылығы: 0.8% Өнеркәсіп: -2.3% Құрылыс: 8.3% Ішкі сауда: 1.2% Көлік және қоймалау: 2.8% Байланыс: 6.2%	Батыс Қазақстан облысы ҚЭИ: -0.2% Ауыл шаруашылығы: 8.3% Өнеркәсіп: -1.3% Құрылыс: 2.2% Ішкі сауда: 2.4% Көлік және қоймалау: 0.6% Байланыс: 4.3%
Жамбыл облысы ҚЭИ: 5.7% Ауыл шаруашылығы: 6.1% Өнеркәсіп: 10.6% Құрылыс: 1.6% Ішкі сауда: 4.1% Көлік және қоймалау: 1.0% Байланыс: 1.9%	Жетісу облысы ҚЭИ: 3.5% Ауыл шаруашылығы: 1.1% Өнеркәсіп: -2.1% Құрылыс: 11.7% Ішкі сауда: 24.7% Көлік және қоймалау: 1.1% Байланыс: 8.0%	Қарағанды облысы ҚЭИ: 1.2% Ауыл шаруашылығы: 2.0% Өнеркәсіп: 1.2% Құрылыс: -10.4% Ішкі сауда: 7.2% Көлік және қоймалау: 0.3% Байланыс: -2.3%
Қостанай облысы ҚЭИ: 5.1% Ауыл шаруашылығы: 45.1% Өнеркәсіп: -5.1% Құрылыс: 5.1% Ішкі сауда: 6.6% Көлік және қоймалау: 1.2% Байланыс: -5.0%	Қызылорда облысы ҚЭИ: 1.5% Ауыл шаруашылығы: 0.3% Өнеркәсіп: -1.1% Құрылыс: 21.1% Ішкі сауда: 2.3% Көлік және қоймалау: 1.0% Байланыс: -0.9%	Маңғыстау облысы ҚЭИ: 1.9% Ауыл шаруашылығы: 11.2% Өнеркәсіп: 2.5% Құрылыс: -27.7% Ішкі сауда: 22.1% Көлік және қоймалау: 11.9% Байланыс: 11.0%
Павлодар облысы ҚЭИ: -0.1% Ауыл шаруашылығы: 0.3% Өнеркәсіп: -0.7% Құрылыс: 2.8% Ішкі сауда: 2.1% Көлік және қоймалау: 0.4% Байланыс: 1.1%	Солтүстік Қазақстан облысы ҚЭИ: 6.9% Ауыл шаруашылығы: 11.6% Өнеркәсіп: 3.4% Құрылыс: 3.1% Ішкі сауда: 0.5% Көлік және қоймалау: 0.4% Байланыс: -4.0%	Түркістан облысы ҚЭИ: 0.8% Ауыл шаруашылығы: 1.2% Өнеркәсіп: -4.5% Құрылыс: 2.0% Ішкі сауда: 10.6% Көлік және қоймалау: 7.0% Байланыс: 9.3%
Ұлытау облысы ҚЭИ: 4.2% Ауыл шаруашылығы: -1.4% Өнеркәсіп: 4.7% Құрылыс: 16.3% Ішкі сауда: -15.8% Көлік және қоймалау: 0.0% Байланыс: 1.1%	Шығыс Қазақстан облысы ҚЭИ: 4.0% Ауыл шаруашылығы: 0.5% Өнеркәсіп: 3.3% Құрылыс: 10.4% Ішкі сауда: 9.9% Көлік және қоймалау: 1.5% Байланыс: -4.8%	Астана қаласы ҚЭИ: 7.9% Ауыл шаруашылығы: -0.4% Өнеркәсіп: 1.0% Құрылыс: 0.5% Ішкі сауда: 10.5% Көлік және қоймалау: 18.1% Байланыс: 17.7%
Алматы қаласы ҚЭИ: 6.2% Ауыл шаруашылығы: -18.4% Өнеркәсіп: 10.3% Құрылыс: 1.2% Ішкі сауда: 5.6% Көлік және қоймалау: 5.1% Байланыс: 7.0%	Шымкент қаласы ҚЭИ: 11.3% Ауыл шаруашылығы: -9.5% Өнеркәсіп: 6.0% Құрылыс: 31.1% Ішкі сауда: 15.4% Көлік және қоймалау: 8.5% Байланыс: 5.4%	



Автор: Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz